

Г. С. БАЛТАБАЕВА

## ҚАЛИХАН ЫСҚАҚОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ЗАМАН ШЫНДЫҒЫ

Қазақ прозасына сұлу ырғақ, ойлы тебіреніс, тың образдар әкелген сыршыл жазушылардың бірі — Қалихан Ысқақов. Айрықша эпикалық романтикасымен соңғы ширек ғасырдай уақыт қазақ әдебиетіне келісті рең берген, өзіндік қолтаңбасы бар өр Алтайдың тумса таланты туған өлкесінің табиғатын, шулаған қара орманы мен Бұқтырманьың булыққан сарынын көркем прозада шебер бейнеледі.

Қ.Ысқақовтың шығармашылық жолы 1957 жылы басталады. Ол — бірнеше әңгіме, повесть, романдардың, драматургиялық шығармалардың, киносценарийлердің, көркем аудармалардың авторы. 1961 жылы алғашқы әңгімелері “Жол басшы” жинағында жарияланды. “Дос хикаясы”, “Менің ағаларым”, “Қоңыр күз еді”, жетпісінші жылдарға іліге бере “Бұқтырма сарыны” жарыққа шыққанда-ақ, адам тағдырын жеткізе білудегі, психологиялық ішкі иірімге толы елден ерек тіл бедері оқушы ықыласын бірден аударып еді. Ол алғашқы тырнақ алды шығармаларының өзімен-ақ көркем прозаның қыры мен сырын меңгерген, лирик суреткер боп көрінді. Диалогтардың шөлкем-шалыс тартысқа құрылуы, шынайы сезімнен туындайтын тұздығы мол сөздердің астасып, үйлесім тауып жатуы, айшықтылығымен, нақышқа толы өрнектілігімен оның өзіне ғана тән қалам сілтесін аңғартты.

“Қоңыр күз еді” повесі (1962) лирикалық-романтикалық бағыттағы тартымды шығарма. Бұл туынды автордың балалық шағындағы өз өмірін және балаң махаббатының өксігін тұтас күйінде бұзып-жармай қағаз бетіне түсіре салған дүниесі: *“Қоңыр күз болатын. Ақ жауын себелеп тұр. Жол лайсаң. Алтай өңірінің ең бір жүдеу шағы, көңілсіз шағы. Соқыр тұман шың биік сілемдерін жым-жылыс қып жұтып қойыпты. Енді бөктерлеп келіп, қанат жайып күрегейлеп алған. Тау да бірте-бірте аласарып, адырлы жота-қыратқа айналып шөгін бара жатқан сияқты. Әр жерде селдіреген ойдым-ойдым шоқ ағаштар болмаса, етекте бұрыңғыдай ну орман да жоқ, үркіп барып сонау жоғарыдағы алқым-алқымдарға тығылып қалыпты”* [1].

Міне, повесть осылай басталады. Әсем пейзаж! Ә дегенде-ақ автордың әдебиеттің бейнелі тілін жақсы білетіндігі аңғарылады. Сол тілмен Қ.Ысқақов қағаз бетіне әсерлі жанды сурет са-

лады, әр сөз өз орнында ойнап тұрады. Ол өзі суреттеп отырған құбылысты толқына сезінеді және ол сезімдерін ірке де алады. “Сөз саралауда, сөйлем құрауда жалпы өнер өрнегін төгуде — Қ.Ысқақов біртүрлі бір еркіндік пен кең тыныс танытуда” — дейді академик Зейнолла Қабдолов [2].

Бүгінгі тәуелсіздік мінбесінен бажайлап қайта оқыған кезде, шығарма кіндігі сонау алпысыншы жылдардың өзінде әдебиет сүйер қауымның сүйіспеншілігімен кесілгендігі көрінеді. “Қоңыр күз еді” алғашқы көркем деңгейінен төмендемей, қазақ әдебиетінің бәсіре туындысына айналды. Ауыл тіршілігі, жас өспірімнің алғашқы махаббаты, өкініші мен қуанышы лирикалық леппен шынайы суреттелген шығарма. Балаң жастың дүние тануын, өз еңбегімен өмірге із тастаған қадамын, қалыптасу кезеңін толық елестете алады. Повестің өнбойынан шынайылыққа, лиризмге толы көркемдік-әлеуметтік қуатты болмысты, автор қаламының батылдығы мен шырқыраған шындықтың шыншыл көрінісін айқын көруге болады. Сонымен қатар, күні кешеге дейін әлеуметтік педагогикалық саладағы созылмалы дерт болып келген келеңсіз кемшіліктерімізбен кешегі кеңестік қоғам мен социалистік дәуірдің сара жолынан еш ауытқымай жүргендегі ізімізді көріп танимыз.

Жалпы бұл туындыда әлеуметтік-психологиялық шындық ашық та ашына сыналған деп қорытуға болады.

Осы повесімен әдебиет есігін еркін ашқан қаламгердің “Сыр”, “Ағайындар” атты шығармаларынан да сол шынайылықтың өрі қарай дами түскендігі көрінеді. Бұларда суреттілік ұлғайып, жазушының адамдар тағдырын тап басатын мінез құбылыстарына ерекше мән бергені анық байқалады. “Ағайындар” повесінде Алтай өңіріндегі қазақтар мен кержақтардың бір-бірімен араласып кеткен өмірі кең бейнеленеді. Қабасақал Опанас, Әмписа, Есләле, Сергей, Жүмекең сияқты бір-біріне ұқсамайтын және бір-бірінен қашық та кете алмайтын, бір ауамен дем алып, бір жерден су ішіп жатқан бір ауыл тұрғындарының тұрмыс-тіршілігі әралуан бұралаң сәттері табиғи, шынайы көрсетілген. “Менің ағаларым” атты деректі повесте де мазмұндық, композициялық тұтастық, шымыр өрілген өзекті желі бар. Осындағы



оқиғаны бір арқауға теліп тұрған түрлік ерекшелік — авторлық баяндау тәсілінде: өмір құбылысы, адам характерлері бір адамның көзімен суреттеледі. Оның алғашқы әңгімедегі мектеп оқушысының дүниетанымы әкеге деген көзқарасы келесі әңгімелерде сол оқушының мектеп бітіріп, еңбекке араласқан шағындағы ұғым-танымына жалғасады. Баяндаушының аяқ алысы нығайған сайын оның айналасындағы құбылысты аңғаруы, қабылдауы мен пайымдауы да байсалдана түседі. Оқиға бір ауылда өтеді, кейіпкерлер де бір ауылдың адамдары. Ауылдың әр кездегі бейнесі мен болмысы, әр кездегі өмір тағдыры сол құбылыстарды балалық көзбен баққан әңгімешінің бүгінгі күнге ұштастыруымен түйінделеді. Повесть қазіргі тұрмыс үшін қан кешкен, тер төгіп еңбек еткен, килы-килы өмір соқпағын бастан өткерген буындар жайлы сезімге толы сыр ақтарады.

“...көз ұшында, Қыргы мойнағында үш-төрт арба бел асып барады... Айдархан жұмарланған қара сәтен көйлекке танауын тығып ап, етпетінен түскен күйі жол жиегінде әлі жылап жатыр. Өксіген сайын ырсиған қабырғасы тыржың-тыржың етіп, қақпыштай боп күнге күйіп кеткен жон арқасынан шып-шып тер шығады. Тыртиған арық қара бала қара сәтен көйлекпен көрісіп жатқандай еді...”[3.81]. Бұл — әрі деталь, әрі мүсіндеу, әрі шегіне жеткен психологиялық көрініс, әрі балалық шақтары сұрапыл соғыс жылдарына тап келген ұрпақтардың өзегіндегі ащы өксік. Автор шеберлігі “арық қара бала қара сәтен көйлекпен көрісіп жатқандай еді” деген сөйлемінің өзінен-ақ аңғарылғандай. Қаламгер неліктен “қара” түсті тандап алып, “көрісіп жатқандай” деген сөздерді қолданып отыр. Өйткені авторлық таным келмесе кетіп бара жатқан мұндарлы шақтарды қимастықпен еске салады.

Қалихан Ысқақовтың шығармашылығындағы көркемдігімен ерекшеленетін туындының бірі — “Бұқтырма сарыны повесі”.

Кезінде: “...негізгі тақырыбы ұлттар достығы, солардың қызықты характер қырлары әңгімеленген...” — деп, жалпы әдеби сында басқа повестеріне қарағанда деңгейі төмен шығарма ретінде бағаланған еді. Біздіңше, олай емес. Жазушының бүкіл шығармашылығындағы көңіл аударарлық күрделі тұлғалардың бірі — “Бұқтырма сарыны” — кержәк шал, Жөгер бейнесі.

Автор Жөгер шалды — драмалық-трагедиялық пландағы мінез-құлық иесі етіп бейнелеп шығарған.

“Ауылдан сақалы қауғадай мыж-мыж шал шықты: жас шамасы алтыстан асқан, құйқасы жұқарған жартылай қызылшақа бастың самайы мен желкесінде гана ақшулан, селдір қылшық қалыпты. Ол салбырайған иығынан сытырылып түсуге жақын ескі брезент саулығын қаусырыңқырап қойды”[4], — деп Қалихан Ысқақов оқырманды кейіпкерімен осылай таныстырады. Ұрпағының тоз-тозы шығуына өзі кінәлі, Жөгер шалдың таяз тірлігі, саяқ өмірінің астамшылдық психологиясының түп-төркіні неде? — деп повесть желісінің өң-бойында сауал қоя отырып, авторлық танымның шеберлігімен асықпай-аптықпай жауап береді.

Сыншы С.Әшімбаев Жөгер шалды В.Беловтың “Үйреншікті шаруа” повесіндегі Иван Африкаловичтің моральдық антиподы деп бағалаған.

Қалиханның Жөгері көп күрсінеді. Автордың айтпағы бұл күрсіністің сыры теренде, оның жүріп өткен өмір жолында екендігі деген ой Жөгер шалдың монологын еске түсіру шегіністерімен дәйектеуден аңғарылады.

“Шалдың ойынша, оның заманының қағынғаны сонау жиырмасыншы жылдардың ауқымы. Шырық бұзылып, ел үстін жосылған есепсіз көп солдаттың қаптап кеткен кезі болатын. Шұбырып Қытай асып, Монғол асып қию-шию болды да жатты. ...Бай-кулақтарға бүйідей тиген қызылдар келіп килікпегенде оның шаңырағы да шайқалмайтын ба еді...

...Ол ығысқаннан ығысып, жылыстай отырып, осы Корбихадағы сектанттар ішіне сіңіп жан тасалаған еді. Бұл — оның екінші қоныс аударуы. Советке деген іштегі мұздай қатқан беріштің алғашқы байланған сәті де осы кез. Сол беріш күн өткен сайын ұлғая түспесе, кеміген жоқ. Бірақ оған Жөгер өзін еш уақытта да кінәлімін деп санаған емес”[5]. Қаламгер кейіпкерін қырық шақты жылдың ішінде үш рет көшіріп, үш рет жана қонысқа орнықтырады. Соның өзінде Жөгердің басындағы бақ-дәулеті үш рет толып, үш рет солыпты. Қалай болғанда да, Жөгер не істесе де, әйтеуір заманы тағы да тарылып, тағы да бақ-дәулеттен таза боп жерге қарап қалды да, талай жылғы тырбандаған еңбегі көпке ортақ боп кете барады.

“Бұл дүниеден мүлдем күдер үзген Жөгер пенде атаулыға бар өкпесін арқалап, тағы да үдере көше жөнелген. Бұл оның үшінші дүркін қоныс аударғаны еді. Іштегі қыжылдаған заптыранға да сол бір кезде шоқ түскен”[6].

Автор пұшпақтай ғана жерін өңдеп, егінін сеуіп, астығын жинап, итше қорып жүргені адал



еңбегі ғана болған Жөгердің жан күйзелісін суреттеп берген. Өмірінде өзгенің тірлігі болмаса, өз тірлігіне наразы болып көрмеген ол енді қазір бұл дүниеден көңілі суып, күн көріс пен шаруа жайды біржолата ұмытқан томаға-тұйық жанға айналып сала береді.

Өз отбасын өзі жек көріп, өз отбасына өзі жеккөрінішті болып мінезі де күрт өзгерді. Бар пәле, бар шырғалаң үйіндегі қарайған үш көзден басталғандай қазымырланып, бүйідей тиісіп, өз ошағының берекесін өзі қашырған кейіпкер психологиясы нанымды шыққан. Өзінен-өзі тарылып, тартынып отырар шалдың мінез-құлқы болмысына лайық алынған. Көп күрсініп, көп ойлайтын Жөгер шалдың “іштен шыққан шұбар жыланды” (ұлы Федорды) қимады әрі намысы келді. Советке бола, былайғы жұртқа бола менің ұлым неге соғысқа барады? Сонда кім үшін шейіт болып, кім үшін қашқын боп жүргені артық деп ойлаған қамқор әке бейнесін көреміз.

Бір түнде астына көлігін, қайғысына азығын байлап беріп, меніреу орманға қашырып жіберген “ұлдың түрі анау сайда саны, құмда ізі жоқ қайғырып жүрген бұрынғы бұйығы Федор емес, мінезі де өзгерген. Әке ме, қарындас па, бүгінде оған бәрібір, бәрін де жаудай көреді. Бұл тірлік қашанға дейін созылмақ? Мұны жатса да, тұрса да Жөгер де ойлайтын. Ойлайды да ішіне қан құйылғандай кеудесі сыздап жөнеледі” [7].

Сөйткен ұлы бакеннің түбінде өз еркімен өмірмен қош айтысыпты. Тым құрыса бір уыс топырақ бұйырмай жалғыз ұлдың сүйегі айдалада қалды. Сорлы әкенің бакенді іздейтіні жер бетінде Федордан қалған жалғыз белгі, жалғыз ұлдың табытындай көруші еді.

Автор кезінде бостандық іздеп барар жері, басар тау қалмай тірі өлікке айналған Жөгер шалдың кебін енді ұлы киіп әкенің бар үміт, бар тірлігін өзен шайып, ағызып өкететіндей әсер береді.

Қалихан Ысқақов шығармасын “Туғаннан да, туыстан да, “күнәкәрлігі көп” былайғы дүниеден де безіп шығып, ес білгелі бері аңсаған бас бостандығына енді ғана қолы жеткендей рахатқа батты. Қимайтын ар жоқ, қиналатын-артына қалып бара жатқан қимас арманы жоқ, бәрі де мұны алдан күтіп тұрғандай, ұжмағы ма, тозағы ма бұған бәрібір [8], — деп аяқтайды.

Сонымен қорыта келгенде “Бұқтырма сарыны” — ішкі психологиялық иірімге бай, ойға құрылған, болу-реңкі өзгешелеу реңкте жазылған трагедиялық шығарма. Қоғамдық-әлеуметтік мәселелер бір кішкене ғана адамның тағдырын күл-пәршесін шығарды. Ал, қоғамды ше? — деп авторлық таным сұрақпен аяқтайды.

Қорыта келгенде, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты көрнекті жазушы Қалихан Ысқақов шығармаларының өн бойынан туған жері мен елдің барша суреті, соның әр алуан перзенттерінің әр қилы тағдырлары өлдене ғажайып сыйқырымен мейлінше шынайы, мейлінше ыстық қалпымен оқырманын өзіне тартып тұрады. Көркем, әуезді, сан құбылмалы бояуға тұнып тұрған жазушы шығармаларын оқығаннан Алтай ауасын жұтқандай әсер алып, табиғатпен оянып табиғатпен көз ілесің. Жазушының шығармалары сол өңір туралы тұтас толғау, парасат панорамасы сияқты елестейді. Оның шығармаларындағы қозғалатын ұрпақ жалғастығы, атамекен табиғаты хақындағы толғаныстар Қалиханның азаматтық аясымен астасып жатыр.

#### ӘДЕБИЕТ

1. Ысқақов Қ. Қоңыр күз еді. Алматы, 1963. 3-б.
2. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы, 1962.
3. Ысқақов Қ. Қоңыр күз еді. Алматы, 1963.
4. Ысқақов Қ. Бұқтырма сарыны. Алматы, 1970. 6-б.
5. Сонда, 33-б.
6. Сонда, 34-б.
7. Сонда, 64-б.
8. Сонда, 76-б.